



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Электрондық ақшамен жасалатын төлемдер бір жылда 30%-дай өсім көрсетті

Астана қ.

2025 жыл, 8 сәуір

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан аумағында **133** төлем ұйымы тіркелді.

Соңғы 5 жылда (2020-2024 жж.) төлем ұйымдарының сервисі арқылы жүргізілген операциялар көлемі 4 есе ұлғайып, 2024 жылы **8,2 трлн теңге** (2023 жылы – 8 трлн теңге) болды. Осы көлемнің 70%-дан астамы – 17 төлем ұйымына тиесілі.

2024 жылы ең көп сұранысқа ие болған төлем қызметтері – клиенттер бастамашы болған электрондық формадағы (мобильдік құрылғылар мен интернет-ресурстардың көмегімен) төлемдерді өңдеу операциялары болды: төлем ұйымдары **5,6 трлн теңгеге 543 млн операция** жүргізді (2023 жылмен салыстырғанда 14,2%-ға өсті).

Банктік шот ашпай-ақ төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша көрсетілетін төлем қызметтері аясында 2024 жылы **1,7 трлн теңгеге 148 млн операция** жүргізілді (2023 жылмен салыстырғанда 24,3%-ға төмендеді).

Төлем ұйымдары электрондық ақшаны пайдалана отырып төлем қабылдау мен өңдеу операциялары бойынша **0,8 трлн теңгеге 223 млн операция** жүргізді (2023 жылмен салыстырғанда 29,9%-ға өсті).

Төлем ұйымдарын Қазақстан Республикасының аумағына қарай былай бөліп қарауға болады: 123 ұйым – Алматыда, одан кейін Астанада – 6 ұйым, Қарағандыда – 2 ұйым, тиісінше Қонаев пен Рудныйда – 1 ұйымнан.

Ұлттық Банк 2024 жылы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру аясында:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздерге сай (дәйексіз мәлімет ұсыну, заңнама талаптарын ұдайы бұзу, төлем қызметін көрсету бойынша қызметті жүзеге асырмау және т.б.) **21 төлем ұйымын** төлем ұйымдарының реестірінен шығарды;

- төлем ұйымдарына қатысты (есептілік нысандарын уақтылы ұсынбау, бұрыс есептілік мәліметтерін ұсыну) **52 қадағалау ықпал ету шарасы** қолданылды. Қабылданған ықпал ету шаралары туралы ақпарат Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылған;

- барып тексеру қорытындысы бойынша 3 төлем ұйымына қатысты **199 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама** (сот **34,3 млн теңгеге** айыппұл салды) (қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу) жасалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz